

## **САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ:**

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру субъектілері
3. Сақтандыру объектілері және сақтандыру сомаларын айқындау тәртібі
4. Сақтандыру жағдайлары, сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыру шектеулері
5. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі, қолданылу мерзімі және орны
6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
7. Сақтанушының сақтандыру жағдайы туындаған кездегі әрекеттері
8. Сақтандыру жағдайының туындауын және залал мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі
9. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі, шарттары, мерзімдері немесе сақтандыру төлемінен бас тарту
10. Сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату шарттары
11. Дауларды шешу тәртібі
12. Қосымша шарттар

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1.** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және осы кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі – «Ережелер») негізінде «Евразия» СК» АҚ (бұдан әрі – «Сақтандырушы») кәсіби қызмет көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру үшін жауапкершілік туындауына байланысты тәуекелдерді сақтандыруға қабылдайды.

**1.2.** Осы Ережелерде қамтылған және сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) мәтініне енгізілмеген сақтандыру шарттары Сақтанушы (Пайда алушы) үшін міндетті болып табылады, егер шартта олардың қолданылуы тікелей көрсетілсе. Сақтанушыға Ережелердің тапсырылғаны шартта немесе сақтандыру полисінде белгімен расталуы тиіс.

**1.3.** Егер сақтандыру шартында осы Ережелердің ережелерінен өзгеше шарттар көзделсе, онда сақтандыру шартында белгіленген шарттар қолданылады.

### **2. САҚТАНДЫРУ СУБЪЕКТІЛЕРІ**

**2.1.** Сақтанушылар деп Сақтандырушымен кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасқан барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалар танылады.

**2.2.** Сақтандырушы сақтандыру қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және уәкілетті орган берген лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

**2.4.** Шарт заңға, өзге құқықтық актіге немесе шартқа негізделген, кәсіби қызмет көрсету кезінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірудің алдын алуға мүдделі тұлғаның (Сақтанушының, Пайда алушының) пайдасына жасалуы мүмкін.

### **3. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ**

**3.1.** Сақтандыру объектісі – Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кәсіби қызмет көрсету кезінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру мүмкіндігіне байланысты мүлктік мүдделері.

**3.2.** Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.

**3.3.** Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша кәсіби қызмет көрсету кезінде үшінші тұлғаларға келтірілуі мүмкін зиян сомасына сүйене отырып айқындалады.

#### **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ**

**4.1.** Сақтандыру жағдайы – Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында немесе нәтижесінде қате әрекеттер (әрекетсіздік) және/немесе жіберілген олқылықтар салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіруі үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі.

**4.2.** Төменде көрсетілген мән-жайлардың біреуі немесе бірнешеуі болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

4.4.1. соғыс жарияланғанына қарамастан кез келген әскери әрекеттер немесе әскери іс-шаралар және олардың салдары, миналардың, бомбалардың және басқа да соғыс құралдарының әсері;

4.4.2. азаматтық соғыс, халық толқулары, әскери жағдай, билікті заңсыз басып алған тұлғалардың әрекеттері немесе билікті заңсыз басып алуға әрекеттер, мобилизация; мемлекеттік немесе жергілікті билік органдарының өкімі бойынша сақтандырылған мүлікті тәркілеу, реквизициялау, ұлттықтандыру, қамауға алу, жою немесе бүлдіру;

4.4.3. ереуілдер, тәртіпсіздіктер, халық толқулары немесе еңбек жанжалдары немесе өзге де кез келген қасақана әрекеттер немесе диверсиялық әрекеттер;

4.4.4. атом энергиясын кез келген қолдануға байланысты радиацияның немесе радиоактивтік ластанудың тікелей немесе жанама әсері, сондай-ақ бөлінетін материалдарды пайдалану, тасымалдау және сақтау;

4.4.5. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының не олардың өкілдерінің, контрагенттерінің, мердігерлерінің, қосалқы мердігерлерінің, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жалданған жұмыскерлерінің қасақана әрекеттері;

4.4.6. кез келген спутниктік қару түрлерінің, оның ішінде лазерлердің және бағытталған энергияның кез келген өзге көздерінің әсері;

4.4.7. электрондық схемалардың жұмысындағы бұзылулар, механикалық ақаулар;

4.4.8. стандартқа сәйкес емес, түпнұсқа емес, өндіруші мақұлдамаған немесе жетілдірілмеген бұйымдарды, аспаптарды, агрегаттарды, құрамдас бөлшектерді, шығыс материалдарын пайдалану;

4.4.9. аспаптарды, агрегаттарды, құрамдас бөлшектерді, шығыс материалдарын, объектілерді қажетті рұқсаттары, лицензиялары, рұқсаттамалары, біліктілігі жоқ мамандар, жұмыскерлер немесе ұйымдар (компаниялар) орнатуы, монтаждауы/демонтаждауы, инсталляциялауы, сондай-ақ өндірушілер тарапынан қажетті мақұлдау, рұқсат, сертификаттау, оқыту болмаған жағдайда;

4.4.9. кепілдік мерзімі өткен аспаптарды, агрегаттарды, құрамдас бөлшектерді, шығыс материалдарын, объектілерді пайдалану;

4.4.10. біліктілігі жоқ персоналдың әрекеттерінен туындаған залалдар;

4.4.11. жанама сипаттағы залалдар, пайда жоғалту және жәбірленушілердің барлық қаржылық тәуекелдері;

4.4.12. сыртқы электромагниттік немесе радиожиіліктік кедергілердің әсері;

4.4.13. бірінші басшылардың немесе олардың орынбасарларының, директорлардың, басшы қызметкерлердің немесе ұйымдардың лауазымды тұлғаларының және/немесе Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының уәкілетті өкілдерінің қасақана әрекеттері;

4.4.14. кез келген мемлекеттің агенттері болып табылатын немесе табылмайтын бір немесе бірнеше тұлғалардың саяси немесе террористік мақсатта жасаған әрекеттері, мұндай әрекеттердің нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиян кездейсоқ немесе қасақана болғанына қарамастан;

4.4.15. кез келген рейдерлік басып алу немесе тұлғалардың қателіктері/жіберіп алулары, сондай-ақ мұндай басып алу немесе басқару әрекеттерінің кез келген әрекеттері;

4.4.16. осы сақтандыру шартына сәйкес үшінші тұлғалар болып табылмайтын тұлғаларға келтірілген залал өтелмейді;

4.4.17. бұқаралық іс-шараларды, спорттық жарыстарды, салтанатты іс-шараларды өткізуге байланысты келтірілген залалды өтеу міндеттемесі, оларды Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға немесе өзге тұлғалар ұйымдастырғанына қарамастан, сондай-ақ мұндай іс-шараларға қатысушылар мен өткізілетін іс-шараға жақын орналасқан немесе сол іс-шарада орналасқан мүлік зардап шеккен жағдайда;

- 4.4.18. қауіпті әуесқойлық түрлерімен және/немесе кәсіптермен және/немесе спортпен байланысты қызмет нәтижесінде келтірілген залалдар өтелмейді, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: парашютпен секіру, су астында жүзу, әуе спорты, автожарыс, жартастарға өрмелеу, шаңғы, рафтинг, альпинизм, серфинг, скейтбординг, коньки тебу, дельта-, парапланеризм, автомобиль және мото жарыстары, ат спорты, футбол, хоккей, регби, күштік спорт түрлері (ауыр атлетика), күрестің барлық түрлері, спелеотуризм, родео, роликті тақталардағы жарыстар, вело-, мотоспорт және басқа да түрлері;
- 4.4.19. спорт саласындағы қызмет сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.20. мүлікті сақтау саласындағы қызмет сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.21. пайда жоғалтуды өтеу міндеттемесі сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.22. жобалардағы, жобалаудағы, кез келген техникалық құжаттамадағы қателіктер;
- 4.4.23. Қазақстан Республикасында белгіленген өрт қауіпсіздігі және/немесе электр қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ өзге де қауіпсіздік талаптарын бұзу нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.24. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының (оның жұмыскерлерінің/отбасы мүшелерінің, жалданған, тартылған тұлғалардың, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге, сатуға, тасымалдауға, тиеуге, түсіруге жіберілген тұлғалардың және өзге тұлғалардың) алкогольдік, есірткілік, уыттық масаң күйде және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолдану жағдайындағы әрекеттері/әрекетсіздігі;
- 4.4.25. қосалқы мердігерлердің/мердігерлердің, құрылысшылардың, серіктестердің/контрагенттердің, жұмыскерлердің, Сақтанушының сенім білдірілген тұлғаларының әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.26. ластаушы заттардың, газ тәрізді, қатты, сұйық, ұсақ бөлшектердің әсері, оның ішінде: шаң, газ, түтін, күйе, ыстық түтін және басқаларының әсері сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.27. террористік актілердің және үшінші тұлғалардың саяси себептер бойынша құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.28. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның көзқарасы бойынша күтілетін немесе болжанатын залал келтіруге байланысты талаптар сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.29. жоғары қауіпті көз арқылы зиян келтіру сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.30. жала жабу немесе адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату немесе жеке өмірге қол сұғу нәтижесінде келтірілген залал сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.31. Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға ақылы уақытша иеленуге және пайдалануға (жалдау, лизинг, прокат және басқалары), тегін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе кепілге берілген мүліктің бүлінуі, жойылуы, нашарлауы, жоғалуы немесе бұзылуы үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.32. сақтау шарты бойынша немесе қосымша қызмет ретінде Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға қабылдаған мүліктің бүлінуі, жойылуы, нашарлауы, жоғалуы немесе бұзылуы үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.32. авторлық және/немесе сабақтас құқықтарды және зияткерлік меншік объектілеріне өзге құқықтарды бұзғаны үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.33. вибрация әсері, қадалау жұмыстарының әсері, топырақтың шөгуді немесе бұзылуы, сондай-ақ тіректердің ығысуы, жойылуы немесе әлсіреуі нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.34. тұрақты, жүйелі немесе ұзақ мерзімді жылулық әсер немесе газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдың немесе атмосферадағы кез келген, оның ішінде ілінген бөлшектердің (күйе, түтін, шаң және басқалары) әсері нәтижесінде туындаған жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды, жоғарыда көрсетілген әсер кенеттен және күтпеген сипатта болған және зиян сол әсердің сөзсіз салдары болып табылатынын және сақтандырылған қызметпен тікелей байланысты екенін растайтын айқын және дәлелденген дәлелдер болған жағдайларды қоспағанда;



- 4.4.35. атыс, газ, суық, пневматикалық немесе лақтырылатын қаруды пайдалану нәтижесінде туындаған жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.36. заңгерлік, нотариалдық, бухгалтерлік, аудиторлық, консультациялық, аудармашылық қызметтер көрсету үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.37. медициналық, сәулеттік, жобалау қызметін көрсету үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.38. компьютерлік бағдарламаларды, сайттарды, микросхемаларды жасау, сондай-ақ ақпаратты электрондық түрде сақтау қызметі үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.39. конструкцияларды, механизмдерді, агрегаттарды пайдалануға беру/қабылдау сәтіне дейін немесе тапсырыс берушіге беру сәтіне дейін немесе құрастыруды, құрылысты, монтажды, орнатуды, инсталляцияны аяқтағанға дейін бұзылуы немесе бүлінуі үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.40. шарттарға, келісімдерге өзгерістер енгізумен, шарттардың, келісімдердің тараптарымен өзгертілуімен, олардың құнының өзгеруімен, бастапқыда көзделген жұмыс, қызмет көлемінің немесе тауарлардың, мүліктің санының, атауының, сипатының өзгеруімен байланысты міндеттемелер бойынша туындайтын жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.41. құжаттарды, жобаларды келісудің болмауы немесе толық емес, тиісінше келісілмеуі үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.42. уәкілетті органдар мен ұйымдардың қажетті рұқсаттарының болмауы үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.43. стандартты емес жобалар, материалдар, жабдықтар бойынша өндірушіде жеке дайындалуды талап ететін бірегей құрылыстарды салу, реконструкциялау үшін қажетті мүліктің бүлінуі үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.44. қажетті сертификаттары, пайдалануға рұқсаттары жоқ материалдарды, жабдықтарды, құрал-саймандарды пайдалану үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.45. тиісті жұмысты орындау үшін қажетті кәсіби дағдыларын растайтын құжаттары жоқ тұлғаларды жұмысқа жіберу үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.46. сақтауға, орнатуға, тасымалдауға, тиеуге, пайдалануға ерекше ұқыптылықты талап ететін нәзік материалдардың бүлінуі, жойылуы үшін жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды;
- 4.4.47. кедендік және/немесе салықтық төлемдерді, баждарды өндіріп алу бойынша талаптарға байланысты жауапкершілік сақтандыру қорғауымен қамтылмайды.
- 4.5. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес келесі зиян/залал/шығындар өтелмейді:
- 4.5.1. қоршаған ортаға келтірілген зиян;
- 4.5.2. мемлекеттік мүлікке келтірілген зиян;
- 4.5.3. әуе, ғарыш, теңіз, өзен кемелеріне, мұнай мұнараларына және платформаларына, жасанды аралдарға және оларда орналасқан құрылыстарға, соның ішінде аталған мүліктің қосалқы бөлшектеріне, компоненттеріне және құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ оларға ұқсас өзге де мүлікке келтірілген зиян;
- 4.5.4. айыппұлдар, санкциялар, өсімпұлдар, моральдық зиянды өтеу, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының сот шығындары;
- 4.5.5. кез келген мүліктік емес зиян/залал;
- 4.5.6. бүлінген мүліктің тауарлық құнының төмендеу құны (тауарлық құнның жоғалуы);
- 4.5.7. термиялық күйіктер нәтижесінде келтірілген зиян;
- 4.5.8. сатуда тұрған (оның ішінде сату орындарында), сақтауда тұрған (оның ішінде қоймаларда) мүлікке келтірілген зиян;
- 4.5.9. транзиттегі жүктерге, айналымдағы тауарларға келтірілген зиян;
- 4.5.10. пайда жоғалту құны;
- 4.5.11. өндірістің (қызмет көрсетудің) үзілу құны, өндіріс құнының артуы, жіберілген пайда;
- 4.5.12. шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың таралуы, шығарылуы, ағызылуы, төгілуі немесе шығуы, бұл біртіндеп немесе кенеттен болғанына қарамастан;
- 4.5.13. радиациялық ластану нәтижесінде келтірілген зиян;



- 4.5.14. үй-жайларды жөндеу, реконструкциялау, салу, жобалау, көшіру, сондай-ақ бүлінген мүлікті қалпына келтіру құнын өтеу міндеттемесіне байланысты;
- 4.5.15. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының (олардың жұмыскерлерінің/отбасы мүшелерінің, жалданған, тартылған тұлғалардың, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге, сатуға, тасымалдауға, тиеуге, түсіруге жіберілген тұлғалардың және өзге тұлғалардың) алкогольдік, есірткілік, уыттық масаң күйде және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолдану жағдайындағы әрекеттері/әрекетсіздігі нәтижесінде келтірілген зиян;
- 4.5.16. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының көзқарасы бойынша күтілетін немесе болжанатын зиян келтіруге байланысты талаптар;
- 4.5.17. Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға ақылы уақытша иеленуге және пайдалануға (жалдау, лизинг, прокат және басқалары), тегін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе кепілге берілген мүліктің бүлінуіне, жойылуына, нашарлауына, жоғалуына немесе бұзылуына байланысты;
- 4.5.18. сақтау шарты бойынша немесе қосымша қызмет ретінде Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға қабылдаған мүліктің бүлінуіне, жойылуына, нашарлауына, жоғалуына немесе бұзылуына байланысты;
- 4.5.19. магистральдық коммуникацияларға: кабельдерге, арналарға, су құбырларына, газ құбырларына және өзге де коммуникацияларға келтірілген зиянға байланысты;
- 4.5.20. тұрақты, жүйелі немесе ұзақ мерзімді жылулық әсер немесе газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдың немесе атмосферадағы кез келген, оның ішінде ілінген бөлшектердің (күйе, түтін, шаң және басқалары) әсері нәтижесінде, жоғарыда көрсетілген әсер кенеттен және күтпеген сипатта болған және зиян сол әсердің сөзсіз салдары болып табылатынын дәлелдейтін айқын дәлелдер болған жағдайларды қоспағанда;
- 4.5.21. сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталғанға дейін болған және оның қолданылу мерзімі ішінде жалғасқан себептерге байланысты;
- 4.5.22. сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталғанға дейін болған, бірақ тоқтаған себептердің әсері нәтижесінде сақтандыру шарты қолданылған кезеңде туындаған жағдайлар;
- 4.5.22. осы уақыт кезеңіне және осы жерге тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлар/құбылыстар әсері;
- 4.5.23. жәбірленуші үшінші тұлғалардың мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, қымбат немесе түсті металдардан жасалған бұйымдар, асыл тастар, әшекейлер, өнер туындылары немесе өзге де құндылықтар, оның ішінде антикварлық немесе тарихи не өзге әлеуметтік құндылығы бар заттар түріндегі зиян;
- 4.5.24. конструкцияларды, механизмдерді, агрегаттарды пайдалануға беру/қабылдау сәтіне дейін немесе тапсырыс берушіге беру сәтіне дейін немесе құрастыруды, құрылысты, монтажды, орнатуды, инсталляцияны аяқтағанға дейін олардың бұзылуы немесе бүлінуі;
- 4.5.25. Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға байланысты тұлғалардың (жұмыскерлер, серіктестер, жалданған қызметкерлер, өзге шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалар, сондай-ақ сақтандыру жағдайы орын алған жерде болған тұлғалар) жеке мүлкіне келтірілген зиян;
- 4.5.26. мүліктің сынықтарын (қалдықтарын) аумақтан тазалау шығындарын өтеуге байланысты;
- 4.5.27. сақтандыру жағдайына байланысты адамдарды, жабдықтарды, багажды тасымалдау шығындарын өтеуге байланысты;
- 4.5.28. қаза болғандардың немесе жараланғандардың денелерін тұрақты тұратын жеріне немесе кез келген өзге бағытқа репатриациялау шығындарын өтеуге байланысты;
- 4.5.29. сақтандыру жағдайын және оның салдарын жою барысында немесе соның нәтижесінде үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянға байланысты;
- 4.5.30. асбесттің, асбест талшығының немесе құрамында асбест бар өнімдердің әсерінен, сондай-ақ радиоактивті изотоптардың әсерінен туындаған залалдар.
- 4.6. Осы сақтандыру бойынша келесі жауапкершілік түрлері сақтандыру қорғауымен қамтылмайды:
- 1) міндетті сақтандыру шарттары бойынша қамтылатын (немесе қамтылуы мүмкін) жауапкершілік;
  - 2) кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерден, азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік, оның ішінде, бірақ олармен



- шектелмей, қарыз шарты, тапсырма шарты, кепілдік, кепілгерлік, кепіл шарты, банктік қарыз шарттары;
- 3) қаржы құралдары және/немесе вексельдер болып табылатын азаматтық-құқықтық мәмілелер мен шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік;
  - 4) бағалы қағаздар нарығы туралы, банктік қызмет туралы заңнамамен реттелетін азаматтық-құқықтық мәмілелер мен шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік;
  - 5) біржақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік;
  - 6) Сақтанушының заңды тұлға ретінде оның құрылтайшыларымен/қатысушыларымен/акционерлерімен/мүлкінің меншік иелерімен, жай серіктестік және/немесе консорциум қатысушыларымен, аффилиирленген тұлғалармен, сондай-ақ Сақтанушы қатысушы/құрылтайшы/акционер/мүлік иесі болып табылатын заңды тұлғалармен, жай серіктестік және/немесе консорциум қатысушыларымен арасындағы қатынастардан туындайтын (оның ішінде субсидиарлық) жауапкершілік, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі, оларды құру, басқару, дивидендтер төлеу, басқару органдарының шешім қабылдауы, табысты бөлу, мүлікке құқықтар, қайта ұйымдастыру, қызметін тоқтату, құқық мирасқорлығы, банкроттық, жай серіктестіктің/консорциумның қызметін тоқтату мәселелері;
  - 7) заңды тұлғаның құрылтайшысының (қатысушысының), акционерінің немесе оның мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша (оның ішінде субсидиарлық) жауапкершілігі;
  - 8) Сақтанушының заңды тұлға ретінде оның басқару органдарымен арасындағы қатынастардан туындайтын (оның ішінде субсидиарлық) жауапкершілік;
  - 9) Сақтанушының үшінші тұлғалар алдында оның органының өкілеттіктерін асыра отырып қабылдаған міндеттемелері бойынша (оның ішінде субсидиарлық) жауапкершілігі;
  - 10) Сақтанушының қолданыстағы заңнама талаптарын бұза отырып қабылдаған міндеттемелері бойынша үшінші тұлғалар алдында (оның ішінде субсидиарлық) жауапкершілігі;
  - 11) заңды тұлғаны тарату кезінде, оның ішінде банкроттық нәтижесінде, кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға байланысты міндеттемелер бойынша Сақтанушының (оның ішінде субсидиарлық) жауапкершілігі;
  - 12) Сақтанушының кінәсінен еншілес ұйымның банкрот болуы жағдайындағы (оның ішінде субсидиарлық) жауапкершілігі;
  - 13) Сақтанушының толық серіктестік қатысушысы ретінде серіктестік борыштары бойынша жауапкершілігі;
  - 14) Сақтанушының қосымша жауапкершілігі бар серіктестік қатысушысы ретінде серіктестік міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;
  - 15) Сақтанушының кооператив мүшесі ретінде кооператив міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;
  - 16) Сақтанушының құрылтайшы ретінде мекеме міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;
  - 17) негізсіз баю нәтижесінде туындайтын Сақтанушының жауапкершілігі;
  - 18) тапсырмасыз бөтен мүдде үшін әрекеттер нәтижесінде туындайтын Сақтанушының жауапкершілігі;
  - 19) регресс тәртібімен қойылатын талаптар бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;
  - 20) үшінші тұлғаларға берілген міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;
  - 21) үшінші тұлғалардан қабылданған міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;
  - 22) медиация барысында, бітімгершілік келісім жасау кезінде немесе үшінші тұлғалардың талаптарын ерікті түрде қанағаттандыру кезінде қабылданған міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;
  - 23) қауіпті немесе уытты, немесе биохимиялық уыттармен байланысты иелену және пайдалану саласындағы жауапкершілік;
  - 24) шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың таралуы, шығарылуы, ағызылуы, төгілуі немесе шығуы үшін жауапкершілік, бұл біртіндеп немесе кенеттен болғанына қарамастан;
  - 25) үй-жайларды жөндеу, реконструкциялау, салу, көшіру, сондай-ақ жөндеу жұмыстары нәтижесінде туындайтын кез келген жауапкершілік.
- 4.7. Осы шарт бойынша келесі шығыстар өтелмейді:



- 4.7.1. сот шешімімен белгіленген сомаларды индексациялау;
- 4.7.2. өмір сүру құнының өсуіне, мүгедектік мерзімінің ұзартылуына, еңбекке қабілеттіліктің жоғалу дәрежесінің артуына байланысты зиянды өтеу сомасының ұлғаюына байланысты шығыстар;
- 4.7.3. жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде емделу шығындарын өтеу міндеттемесі;
- 4.7.4. жеке тұлғаның санаторий-курорттық емделу шығындарын өтеу міндеттемесі;
- 4.7.5. жеке тұлғаның денесін репатриациялау шығындарын өтеу міндеттемесі;
- 4.7.6. үшінші тұлғалардың Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға регресс талаптары, сондай-ақ суброгация тәртібімен қойылатын талаптар;
- 4.7.7. дәнекер тіндердің жүйелік зақымдануына байланысты аурулар, аутоиммундық аурулар, ревматикалық аурулар;
- 4.7.8. ағзаларды немесе тіндерді трансплантациялау;
- 4.7.9. кәсіптік аурулар;
- 4.7.10. омыртқаның әртүрлі орналасудағы остеохондрозы, оның ішінде асқынуларын консервативті және хирургиялық емдеу (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жарықтар, протрузиялар, спондилолистездер, омыртқалардың ығысуы), сондай-ақ оңалту;
- 4.7.11. деформациялаушы остеоартроздар және оларды емдеу;
- 4.7.12. бронхоэктазиялық ауру, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, бронхиалдық астма, өкпе эмфиземасы және тыныс жеткіліксіздігімен жүретін өзге де созылмалы өкпе аурулары;
- 4.7.13. остеопороздар, созылмалы остеомиелиттер, буын функциясының бұзылуымен жүретін артроздар;
- 4.7.14. төменгі аяқ-қол тамырларының атеросклерозы, Лериш синдромы;
- 4.7.15. аса қауіпті инфекциялар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: шешек, оба, күйдіргі, тырысқақ, бөртпе сүзек, іш сүзегі, туляремия, маңқа, миелоидоз, легионеллез, геморрагиялық кызбалар, энцефалиттер;
- 4.7.16. көз аурулары: миопия, гиперметропия, астигматизм, катаракта, глаукома, аккомодация спазмы, тор қабықтың ажырауы, демодекоз, қабақ массажы және көз алмасының биостимуляциясы, қылилық, птериgium, халязион, жасқа байланысты макулярлық дегенерация, сондай-ақ оны «Луцентис» препаратымен емдеу;
- 4.7.17. психикалық аурулар және олардың асқынулары, сондай-ақ психикалық сипаттағы ауруларға байланысты туындаған жарақаттар мен соматикалық жағдайлар;
- 4.7.18. мидың қан айналымының жедел бұзылуы және олардың салдары;
- 4.7.19. жүйке жүйесінің экстрапирамидалық және өзге де қозғалыс бұзылыстары;
- 4.7.20. аневризма, Такаясу ауруы, Бюргер ауруы, варикоз, созылмалы геморройды жоспарлы емдеу;
- 4.7.21. эпилепсия, жүйке жүйесінің демиелинизациялық аурулары;
- 4.7.22. семіздік, дене салмағының жетіспеушілігі;
- 4.7.23. дене бітімінің бұзылуы;
- 4.7.24. сөйлеу, есту бұзылыстары;
- 4.7.25. қан айналымының жеткіліксіздігі II Б–III сатыдағы жүрек-қан тамырлары жүйесінің созылмалы аурулары, Абрамов–Фидлер миокардиті, жасанды ырғақ жүргізушіні қажет ететін аурулар, WPW синдромы;
- 4.7.26. ремиссия сатысындағы созылмалы аурулар;
- 4.7.27. сақтандыру қорғауы басталғанға дейін болған созылмалы жағдайлар немесе өзге де аурулар және олардың салдары;
- 4.7.28. алкогольдік, есірткілік немесе уыттық масаң күй белгілері болған кезде алынған жарақаттар, күйіктер, уланулар;
- 4.7.29. ядролық энергия бөлінуіне, радиоактивтік сәулеленуге және/немесе олардың салдарына байланысты аурулар, жарақаттар және өзге де зақымданулар.
- 4.8. Сақтандыру шектеулері:
- 4.8.1. қызметті жүзеге асыруға берілген рұқсаты кері қайтарылған немесе уәкілетті орган тарапынан рұқсат құжаттарын қайтарып алуға әкеп соғуы мүмкін нұсқама немесе ескерту берілген тұлғалардың кәсіби жауапкершілігі сақтандыруға қабылданбайды, мұндай шарт жасалған жағдайда ол тиісті тараптың хаты негізінде жасалмаған деп танылады;

4.8.2. білікті персоналы жоқ тұлғалардың кәсіби жауапкершілігі сақтандыруға қабылданбайды, мұндай шарттар тиісті тараптың хаты негізінде жасалмаған деп танылады.

## **5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

5.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы (бұдан әрі – өтініш) негізінде жасалады, онда Сақтанушы Сақтандырушыға сұратылған ақпаратты ұсынады. Сақтандыруға арналған өтініш сақтандыру шартының қосымшасы және ажырамас бөлігі болып табылады.

5.2. Осы Ережелерде көзделген сақтандыру полисінің және сақтандыруға арналған өтініштің нысандары типтік болып табылады, және Сақтандырушы оларды нақты сақтандыру шартының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзгертуге және толықтыруға құқылы.

5.3. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты тараптар қол қойған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

5.4. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде көрінеу жалған ақпарат бергені, өзіне белгілі және сақтандыру тәуекеліне, сақтандыру объектісіне қатысты, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның салдарынан болатын ықтимал залал мөлшерін айқындау үшін маңызы бар мәліметтерді жасырғаны немесе бұрмалағаны дәлелденсе, шарт жасалған сәттен бастап жарамсыз деп танылады.

5.5. Сақтанушы өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 күн ішінде сақтандыру тәуекеліндегі барлық өзгерістер туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

5.6. Сақтандырушының құқығы бар:

5.6.1. Сақтандыру жағдайына және/немесе Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кәсіби қызметіне қатысты құжаттармен танысуға;

5.6.2. өз қалауы бойынша кәсіби қызметке және/немесе сақтандыру жағдайына қатысты объектілерге өз өкілдерін жіберуге.

5.7. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде сақтандыруға қабылданған сақтандыру тәуекеліндегі кез келген өзгерістер туралы, мұндай өзгерістер Сақтанушының еркіне байланысты болмаса да, өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 күн ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

5.8. Сақтандыру шарты бойынша жіберілетін хабарламалар мен мәлімдемелер жазбаша нысанда жасалуға және пошта, электрондық немесе тараптар келіскен өзге де байланыс құралдары арқылы жіберілуге тиіс.

5.9. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңі (Сақтандырушының жауапкершілік кезеңі) сақтандыру шартында айқындалады.

5.10. Сақтандырушының жауапкершілігі шартта көрсетілген күндер бойынша (шарт жасалған жердің уақытымен) сағат 00:00-де басталады және 24:00-де аяқталады.

5.11. Сақтандыру шартының қолданылу орны тиісті сақтандыру шартында көрсетіледі.

5.12. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефоны және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру объектісінің көрсетілуі;
- 4) сақтандыру жағдайының көрсетілуі;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшері және сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;
- 7) шарт жасалған күні және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі;
- 8) сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы мәліметтер (егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болса);
- 9) сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) нөмірі, сериясы; сақтандыру шарты талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;



- 10) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 11) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); жеке тұлға – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру агенті болған жағдайда оның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі немесе заңды тұлға – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру агенті болған жағдайда оның атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 12) сақтандыру объектісінің көрсетілуі;
- 13) сақтандыру жағдайының көрсетілуі;
- 14) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 15) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар немесе жоқ екендігі туралы көрсетілім;
- 16) сақтандыру полисінің жасалған күні, қолданылу мерзімі және сақтандыру қорғанысының мерзімі;
- 17) сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы мәліметтер (егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болса);
- 18) сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 19) сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; Сақтанушының өзіне белгілі болған, шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер мұндай өзгерістер мүлтік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 834-бабының 1-тармағы);
- 20) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;
- 21) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы туралы мәлімет;
- 22) сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмайтын жағдайда, сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы туралы мәлімет.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **6.1 Сақтанушы міндетті**

6.1.1 Сақтандырушы сақтандыру тәуекелдерін бағалауға, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығына және ықтимал залал мөлшеріне әсер етуі мүмкін барлық елеулі мән-жайларға қатысты қойған сұрақтарға жазбаша түрде жауап беруге;

6.1.2 Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелдерін бағалау үшін елеулі мәнге ие болуы мүмкін өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға.

6.1.3 Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде тәуекелді арттыруы немесе жаңа тәуекелдер туындатуы мүмкін кез келген жаңа мән-жай туралы Сақтандырушыны хабардар етуге, соның нәтижесінде бұрын тәуекелді бағалау үшін Сақтандырушыға ұсынылған мәліметтер дәл емес немесе ескірген болуы мүмкін.

Тәуекелді арттыратын елеулі мән-жайларға, оның ішінде мыналар жатады:

- соңғы 7 жыл ішінде кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде заңнаманы бұзу;
- кәсіби қызметпен айналысу құқығынан айыру/айыру;
- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғалардың үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы туралы талаптардың болуы;
- білікті персоналдың болмауы;
- уәкілетті құзыретті органдардың немесе реттеушінің Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның әрекеттерінің заңсыздығы туралы түсіндірмелерінің болуы немесе Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның әрекеттерінің дұрыс еместігін көрсететін



түсіндірмелердің болуы;  
– ұқсас кәсіби тұлғаларға қатысты сот шешімдерінің болуы, оған сәйкес басқа кәсіби тұлғалардың әрекеттері заңсыз деп танылған, егер дәл сондай әрекеттерді Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға жасаған немесе жасап отырған болса;  
– тексеруші компаниялармен, органдармен, аудиторлармен анықталған Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның қызметіндегі қателіктердің анықталуы;  
– уәкілетті органдар қабылдаған, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның жауапкершілігінің туындауына әсер етуі мүмкін шешімдердің болуы.

Сақтанушы жоғарыда аталған мән-жайлар туралы өзіне олардың бар екендігі белгілі болған сәттен бастап он күн ішінде Сақтандырушыға хабарлауға тиіс.

Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушымен сақтандыру шартының талаптарын қайта қарауға құқылы болады және егер Сақтандырушы тәуекел дәрежесінің елеулі өзгергенін немесе сақтандыру мүддесінің өзгергенін анықтаса, онда Сақтандырушы Сақтанушыдан осындай ақпаратты алғаннан кейін отыз күн ішінде сақтандыру шартының тиісті талаптарын қайта қарап, Сақтандыру сыйлықақысын арттыруды талап ете алады. Егер Сақтанушы Сақтандырушының осындай талабын алған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысын арттыруға келіспесе, онда сақтандыру шарты Сақтанушының жауабын алған күннен бастап дереу тоқтатылады, бұл ретте пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бөлігі сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 15 банктік күн ішінде Сақтанушыға қайтарылуға жатады.

Сақтанушы сақтандыру тәуекелін Сақтандырушы бағалауына елеулі әсер ететін мән-жайларды жіберіп алған немесе дұрыс емес мәлімдеген жағдайда, мұндай жіберіп алу немесе дұрыс емес мәлімдеудің нысанасы болған залалдар сақтандыру шарты және осы Ережелер бойынша өтелмейді. Кез келген қасақана ақпаратты жасыру немесе Сақтанушының көрінеу жалған мәлімдемесі сақтандыру шартын жарамсыз етеді.

6.1.4 сақтандырудың бүкіл кезеңі ішінде кәсіби қызметті тиісінше орындауды қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға және сақтандыру шарты бойынша кез келген залалды болдырмау немесе азайту үшін тиісті ұқыптылықпен әрекет етуге, сондай-ақ кез келген жағдайда өзі сақтандырылмағандай әрекет етуге;

6.1.5 сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қоюға әкеп соғуы мүмкін оқиғаға қатысты кез келген мәселелерді талқылау үшін Сақтандырушымен кеңесулер өткізуге;

6.1.6 залалдың себептерін немесе салдарын тергеу немесе талдау барысында пайдаланылған немесе оның нәтижесінде алынған барлық ақпаратқа Сақтандырушының қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерді жұмсауға;

6.1.7 залалды анықтау және суброгация/регресске байланысты кез келген төлемдерді есептеу үшін қолданылатын әдістерді тексеру үшін қажетті барлық ақпаратты тексеру және көшіру үшін қолжетімді етуге. Егер осы Ережелерге сәйкес Сақтандырушы сұратқан ақпарат құпия/зияткерлік немесе өзге меншік болып табылса немесе оны тарату жария етпеу туралы шартпен немесе үкіметтік шектеулермен реттелсе, Сақтанушы өз міндеттемелерін орындау үшін қажет болған жағдайда мұндай ақпаратты ашуға рұқсат алу мақсатында тиісті тарапқа уақтылы/алдын ала және тиісінше жүгінуге тиіс;

6.1.8 залал болған жағдайда Сақтандырушыға оның уәкілетті өкілі арқылы Сақтанушы залалға қатысты ұсынған деректерді тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

6.1.9 тек арнайы келісілген және өндіруші зауыт ұсынған құрамдас бөлшектер мен шығыс материалдарын пайдалануға;

6.1.10 қызмет көрсету/жұмыстарды орындау үшін тек арнайы оқытылған, арнайы рұқсаты, дипломы, рұқсаттары және өзге де құжаттары бар мамандарды тартуға;

6.1.11 өрт қауіпсіздігі талаптарының барлығын сақтауға, оның ішінде міндетті түрде өртке қарсы қызметтердің нұсқамалары бойынша өрт режимінің бұзушылықтарын жоюға;

6.1.12 сақтандыру жағдайы туындаған кезде дереу құзыретті органдарға мәлімдеуге және залал мөлшерін азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;

6.1.13 сақтандыру жағдайы туындаған сәттен бастап дереу, бірақ 3 (үш) күннен кешіктірмей Сақтандырушыны кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар етуге. Ауызша хабарлама кез келген жағдайда кейіннен жазбаша түрде расталуға тиіс. Сондай-ақ келтірілген



зиянды өтеу міндеті туындайтын оқиғаның себептері, барысы және салдары, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға міндетті, бұл ретте белгіленген мерзімде хабарламау сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз болып табылады;

6.1.14 сақтандыру жағдайы туындаған кезде оқиға орнын және бүлінген мүлікті Сақтандырушы өкілі қарағанға дейін, сақтандыру жағдайынан кейінгі күйінде сақтауға шаралар қабылдауға;

6.1.15 сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушының өзіне өткен кері талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;

6.1.16 Сақтандырушы өкілін зардап шеккен мүлікті қарау үшін кедергісіз жіберуге, сондай-ақ мұндай қарауды қамтамасыз етуге;

6.1.17 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қою мерзімдері ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз болатын мән-жай анықталған жағдайда, Сақтандырушының жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінің барлық сомасын Сақтандырушыға қайтаруға;

6.1.18 Сақтанушының шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттері бар;

6.1.19 Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауына және өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге береді. Дербес деректерді сақтау мерзімі Сақтандырушы тарапынан оларды әрі қарай сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындалады және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады.

6.1.20 Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге береді.

6.1.21 Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның дербес деректерді өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім алуға міндетті.

6.1.22 Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның дербес деректерді өңдеуіне келісімінің болмауына, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімінің болмауына, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауына жауапты болады.

6.1.23 Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса); дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім әрекет ететін мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе мұндай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер; дербес деректерді өңдеу барысында трансшекаралық берудің бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер; дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.

6.1.24 Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының дербес деректерін, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жалпыға қолжетімді көздерден, электрондық және өзге де деректер базаларынан және картотекалардан, әлеуметтік желілерден,

интернет-ресурстардан, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильдік қосымшаларынан, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарынан, мобильдік қосымшаларынан және әлеуметтік желілерінен жинауына және өңдеуіне береді.

### **6.2 Сақтанушының құқықтары**

6.2.1 орын алған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап етуге;

6.2.2 Шарт жоғалған жағдайда – оның көшірмесін алуға;

6.2.3 Сақтандырушының келісімімен Шарт талаптарын өзгертуге;

6.2.4 осы Ережелерде белгіленген тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;

6.2.5 Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие.

### **6.3 Сақтандырушының міндеттері**

6.3.1 сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтанушының немесе оның өкілінің қатысуымен, Сақтанушы сақтандыру объектісін ұсынған жағдайда, оқиға орнын, бүлінген мүлікті қарауды жүргізуге;

6.3.2 сақтандыру жағдайының туындауын, оның себептерін, залал мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алуға құқығын растайтын барлық қажетті құжаттар болған кезде, соңғы қажетті құжат алынған сәттен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе оны жүзеге асырудан бас тартуға;

6.3.3 құжаттарды алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыны/Сақтандырылған тұлғаны хабардар етуге;

6.3.4 Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға міндетті келесі жағдайларда:  
– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;  
– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды және қосымша ақпаратты ұсынбауы;  
– ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп болжауға негіздер болған кезде;

6.3.5 Сақтандырушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттері бар.

### **6.4 Сақтандырушының құқықтары**

6.4.1 Сақтанушы ұсынған ақпаратты тексеруге;

6.4.2 кез келген уақытта Сақтанушының Шарт талаптарын орындауын тексеруге, бұл ретте Сақтанушы бұған кедергі жасауға құқылы емес;

6.4.3 Сақтанушы Шарт талаптарын бұзғаны анықталған жағдайда, оларды жою бойынша Сақтанушы үшін міндетті жазбаша нұсқаулар беруге, ал Сақтанушы нұсқауларды 10 күн ішінде орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзуға;

6.4.4 сақтандыру жағдайы бойынша барлық қажетті құжаттарды құзыретті органдардан сұратуға;

6.4.5 егер сақтандыру жағдайы Шарт талаптарын бұзу салдарынан туындаса, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген негіздер бойынша, Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

6.4.6 осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;

6.4.7 Сақтандырушының Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

## **7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ**

7.1. Сақтанушы міндетті:

7.1.1. қалыптасқан жағдайларда ықтимал залалды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға.

7.1.2. оқиға туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап дереу, бірақ кез келген жағдайда 72 сағаттан кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны хабардар етуге және оған оқиғаның туындау уақыты, мән-жайлары және оның болжамды себептері туралы егжей-тегжейлі объективті ақпаратты қамтитын жазбаша хабарлама жіберуге.

7.1.3. оқиға туралы Сақтандырушыны хабардар еткеннен кейін 20 күннен кешіктірмей Сақтандырушыға оқиғаның орны, күні, уақыты және сипаты, оның ықтимал себептері және залал мөлшері туралы ақпаратты қамтитын өтініш жіберуге.

7.1.5. Сақтандырушыға өзінің иелігіндегі барлық материалдарды және құжаттарды, сондай-ақ оқиғаның мән-жайларына қатысты өзге де ақпаратты, сақтандыру шарты талаптарына сәйкес өтелуге жататын залалдардың нақты келтірілгенін дәлелдейтін ақпаратты ұсынуға.

7.1.6. Сақтандырушының талабы бойынша оның өкілінің авариялық комиссия жұмысына қатысуын қамтамасыз етуге.

7.1.7. залалды өтеу бойынша Сақтанушының құқықтарының Сақтандырушыға өтуін (суброгацияны/регресті) қамтамасыз етуге.

7.1.8. Сақтанушыға немесе Сақтандырылған тұлғаға қатысты талап қою немесе оған қарсы сот ісі қозғалуына байланысты алынған барлық талаптарды, хабарламаларды, сот шақыру қағаздарын немесе соттың өзге де нұсқамаларын дереу Сақтандырушыға жіберуге.

7.1.9. Сақтандырушыға жәрдем көрсетуге және оның сұрауы бойынша тыңдаулар мен сот талқылауларына қатысуға, талаптарды реттеуге және сот істерін жүргізуге жәрдемдесуге.

7.2. Сақтандырушының құқығы бар:

7.2.1. оқиға орнын қарауды жүргізуге және келтірілген залал мөлшерін айқындауға.

7.2.2. авариялық комиссияның жұмысына қатысуға.

7.2.3. оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, осы мақсатта тәуелсіз мамандардан тұратын сараптамалық комиссияларды тартуға.

## **8. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

8.1. Егер Сақтандырушы Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде немесе нәтижесінде жіберілген қате әрекеттері (әрекетсіздігі) және (немесе) олқылықтары салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіруді сақтандыру жағдайы деп таныса – сақтандыру төлемі Пайда алушыға сақтандыру жағдайымен келтірілген нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде, франшиза және бүлінген мүліктің тозуы шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің валютасы сақтандыру шартында айқындалады.

8.2. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының туындауын, оның себептерін, залал мөлшерін және төлем алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын соңғы қажетті құжат ұсынылған сәттен бастап 40 (қырық) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады, атап айтқанда:

8.3.1. Сақтанушының болған оқиғаның қысқаша сипаттамасын қамтитын жазбаша өтініші;

8.3.2. бүлінген мүлікке құқық белгілейтін құжаттар;

8.3.3. сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары: өртке қарсы қызметтің актісі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, авариялық қызметтің актісі, төтенше жағдайлар органдары жасаған актілер, мемлекеттік органдар жасаған актілер және т.б.;

8.3.4. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде немесе нәтижесінде жіберілген қате әрекеттері (әрекетсіздігі) және (немесе) олқылықтары салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтірудегі кінәсін анықтайтын сот шешімі;

8.3.5. сақтандыру жағдайының туындау себепін айқындайтын құжаттар, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның қызметін қадағалайтын мемлекеттік органдардың қорытындылары, өртке қарсы қызметтің қорытындылары, сараптамалар актілері, құқық қорғау органдарының құжаттары немесе сот үкімі;

8.3.6. сот сараптамасы органдарының, тәуелсіз сарапшылардың сараптамалық актілері, қажет болған жағдайда құрылыс/жөндеу ұйымдары жасаған сметалар, барлық мүдделі тараптардың қатысуымен жасалған бірлескен қабылдау-тапсыру актілері;

8.3.7. мүліктің бухгалтерлік қалдық құнын қамтитын құжаттар;

8.3.8. Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар: жеке куәлік, неке туралы куәлік, туу туралы куәлік, сенімхат және т.б.;

8.3.9. Жәбірленушінің уақытша еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы жағдайында – еңбекке жарамсыздық мерзімі көрсетілген еңбекке жарамсыздық парағы, амбулаториялық немесе стационарлық картадан үзінді, диагностикалық зерттеулердің нәтижелері (R-суреттер және т.б.), медициналық ұйымның шоты (фискалдық, тауарлық чектер). Барлық медициналық құжаттар емдеуші немесе бас дәрігердің қолымен куәландырылуы және медициналық ұйымның дөңгелек мөрімен расталуы тиіс;

8.3.10. Жәбірленушіге мүгедектік белгіленген жағдайда – мүгедектікті және еңбекке қабілеттілікті жоғалту дәрежесін анықтайтын медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы;

8.3.11. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда – өлім туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулының көшірмесі, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесі, сот үкімі және Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

8.3.12. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы соңғы құжатты алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы хат жібереді.

## **9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ, ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ**

9.1. Сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

9.2. Сақтандыру төлемі туралы шешімді (төлемнен бас тарту туралы) Сақтандырушы төлем туралы өтініш және сақтандыру шарты талаптарына сәйкес өтелуге жататын залалдардың бар екендігін және мөлшерін дәлелдейтін құжаттар (авариялық комиссия жұмысының актісі, шоттар, сот шешімдері және т.б.) негізінде қабылдайды. Шешім қабылдау мерзімі – оқиғаны қарау үшін қажетті соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 40 жұмыс күні.

9.3. Сақтандыру төлемінің мөлшері ұсынылған құжаттар негізінде осы Ережелерге сәйкес айқындалады:

9.3.1. Үшінші тұлғаның мүлкі бүлінген жағдайда сақтандыру төлемі оның сақтандыру жағдайына дейінгі күйіне келтіру құнына тең болады, бірақ сақтандыру сомасынан аспайды.

9.3.2. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы дәлелді шешім оқиғаны қарау үшін қажетті соңғы құжат ұсынылған сәттен бастап 40 жұмыс күні ішінде жіберіледі.

9.3.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін үшінші тұлғаға жойылған мүлікке ұқсас мүлікті ұсынумен алмастыра алады.

9.3.4. Егер Пайда алушы келтірілген залал үшін жауапты тұлғалардан өтемақы алған болса, Сақтандырушы сақтандыру шарты талаптарына сәйкес төленуге тиіс сома мен Пайда алушы алған сома арасындағы айырманы ғана төлейді.

9.4. Залал сомасынан шартсыз франшиза және амортизация сомасы шегеріледі.

9.5. Сақтандыру төлемінің құрамына кез келген жағдайда мыналар кірмейді:

- 1) бүлінген мүлікке техникалық және кепілді қызмет көрсетуге арналған шығыстар;
- 2) сақтандыру жағдайына қатысы жоқ себептер бойынша (тозу, техникалық ақау және басқа да себептер) бүлінген мүлікті қайта құруға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөлшектерін, тетіктерін және тораптарын жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
- 3) сақтандыру жағдайынан туындамаған бүлінген мүліктің бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) қарастырылып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ, жоқ болған бөліктердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны;



- 5) бүлінген мүлікті тасымалдау шығындары;
- 6) жасырын ақауларды қоспағанда, құзыретті органдардың құжаттарында бүлінген ретінде көрсетілмеген мүліктің бүлінген бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеуге арналған шығындар;
- 7) жөндеу кәсіпорнында қажетті қосалқы бөлшектердің, тетіктердің болмауына байланысты тораптарды, агрегаттарды, мүлік бөліктерін толық ауыстыру (жөндеудің орнына);
- 8) нормативтен тыс тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолданумен байланысты шығыстар;
- 9) бүлінген жабдықта, агрегаттарда, конструкцияларда пайдаланылатын әртүрлі техникалық сұйықтықтарды ауыстыруға байланысты шығыстар;
- 10) бүлінген мүліктің құнын арттыруға алып келетін өзге де шығыстар.

9.6. Өмірі мен денсаулығына келтірілген залал бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері әрбір Жәбірленушіге қатысты Сақтандырушы арқылы айқындалады және:

9.6.1. Жәбірленушіге (Пайда алушыға) зиян келтіру нәтижесінде еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесі белгіленген жағдайда, Сақтандырушы жоғалған табысты еңбекке қабілеттілікті жоғалту пайызына сәйкес келетін пайыздық мөлшерде әрбір еңбекке қабілетсіздік айы үшін өтейді және келесі формула бойынша есептеледі:  
 $CV = Z * PU * 12$ , мұнда  $CV$  – сақтандыру төлемі,  $Z$  – жәбірленушінің орташа айлық жалақысы;  $PU$  – жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігін жоғалту пайызы;  $N$  – Сақтанушы келтірген зиян нәтижесінде жәбірленушінің еңбекке қабілетсіз болған айлар саны, уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленеді, бұл ретте  $N$  мәні 10-нан аспауы тиіс.

9.6.2. Егер жәбірленуші жұмыс істемеген болса, сақтандыру төлемі келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$CV = 12 * Z * PU * N$ , мұнда  $CV$  – сақтандыру төлемі,  $Z$  – сақтандыру жағдайы туындаған күнге республикалық бюджет туралы заңға сәйкес ең төменгі жалақы;  $PU$  – жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігін жоғалту пайызы;  $N$  – уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген еңбекке қабілетсіздік айларының саны.

Егер жәбірленушіге зейнеткерлік жасқа дейін еңбекке қабілеттілігін жоғалту белгіленсе, онда сақтандыру төлемі осы Шарттың 9.6.1-тармақшасында көрсетілген формула бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте  $N$  мәні 24 айға тең болады және тиісінше, егер жәбірленуші жұмыс істемеген болса, онда сақтандыру төлемін есептеу осы Шарттың 9.6.2-тармақшасында көрсетілген формула бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте  $N$  мәні 24 айға тең болады.

Сақтандырушы жәбірленушіге денсаулығын қалпына келтіруге арналған медициналық шығыстарды сақтандыру жағдайы туындаған күнге 200 айлық есептік көрсеткіш шегінде өтейді, мұндай шығыстарды жүзеге асыруды растайтын құжаттарды (фискалдық чектер, кіріс кассалық ордерлер, шот-фактуралар, жүкқұжаттар және т.б.) міндетті түрде ұсыну шартымен.

Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі келесі тәртіппен есептеледі:

- 1) Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда зиянды өтеу құқығына (сақтандыру төлемін алу құқығына) келесі тұлғалар ие: қайтыс болған адамның асырауында болған он сегіз жасқа толмаған балалары, оның қайтыс болғаннан кейін туған баласы, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жеткен ата-анасы мен жұбайы (зайыбы).
- 2) Зиян өтеледі: кәмелетке толмағандарға – он сегіз жасқа толғанға дейін, бірақ жәбірленушінің қайтыс болған күнінен бастап 5 жылдан аспайтын кезеңде; зейнеткерлік жасқа жеткен ата-анасына және жұбайына (зайыбына) – елу сегіз жастан асқан әйелдерге және алпыс үш жастан асқан ерлерге жәбірленушінің қайтыс болған күнінен бастап 5 жылдан аспайтын кезеңде.
- 3) Өтелуге жататын сақтандыру төлемінің мөлшері қайтыс болған асыраушының өзіне тиесілі үлесін алып тастағаннан кейінгі орташа айлық табысты, оның асырауында болған тұлғалар санына бөліп, жылдар санына көбейту арқылы айқындалады.
- 4) Орташа айлық жалақы (табыс) жазатайым оқиғаға (сақтандыру жағдайына) дейінгі он екі айдағы жалпы табысты он екіге бөлу арқылы есептеледі. Егер қайтыс болған адам зиян келтірілген кезде он екі айдан аз жұмыс істесе, орташа айлық жалақы (табыс) нақты жұмыс істеген айлардағы жалпы табысты сол айлар санына бөлу арқылы есептеледі. Егер қайтыс



болған адам жұмыс істемеген болса, есептеу үшін жәбірленуші қайтыс болған күнге ең төменгі жалақы алынады.

**9.6.3. Сақтандыру төлемінің құрамына кез келген жағдайда келесі ауруларды емдеуге арналған шығыстар/келесімен байланысты шығыстар кірмейді:**

- 1) дәнекер тінінің жүйелі зақымданулары, аутоиммундық аурулар, ревматикалық аурулар;
- 2) ағзаларды немесе тіндерді трансплантациялау;
- 3) кәсіби аурулар;
- 4) омыртқаның әртүрлі орналасқан остеохондрозы, оның ішінде остеохондроз асқынуларын консервативтік және хирургиялық емдеу (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: жарықтар, протрузиялар, спондилолистездер, омыртқалардың ығысуы), оңалту;
- 5) деформациялаушы остеоартроздар, емдеу;
- 6) бронхоэктазиялық ауру, созылмалы обструктивті өкпе ауруы (СОӨА), бронх демікпесі, өкпе эмфиземасы және тыныс жеткіліксіздігі бар басқа да созылмалы өкпе аурулары;
- 7) остеопороздар, созылмалы остеомиелиттер, буын функциясының бұзылуымен жүретін артроздар;
- 8) төменгі аяқ-қол тамырларының атеросклерозы, Лериш синдромы;
- 9) аса қауіпті инфекциялар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: шешек, оба, сібір жарасы, тырысқақ, бөртпе сүзек, іш сүзегі, туляремия, маңқа, миелоидоз, легионеллез, шешек, геморрагиялық қызбалар, энцефалиттер;
- 10) көз аурулары: миопия, гиперметропия, астигматизм, катаракта, глаукома, аккомодация спазмы, тор қабықтың ажырауы, демодекоз, қабақ массажы және көз алмасының биостимуляциясы, қылилық, птеригиум, халязион, жасқа байланысты макулярлық дегенерация, сондай-ақ оны «Луцентис» препаратымен емдеу;
- 11) психикалық аурулар және олардың асқынулары, сондай-ақ психикалық сипаттағы ауруларға байланысты туындаған әртүрлі жарақаттар мен соматикалық жағдайлар;
- 12) ми қан айналымының жедел бұзылыстары және олардың салдары;
- 13) жүйке жүйесінің экстрапирамидалық және басқа да қозғалыс бұзылыстары;
- 14) аневризма, Такаясу ауруы (бейспецификалық аортоартериит), Бюргер ауруы (облитерациялаушы тромбангиит, эндоартериит), варикоздық ауру, созылмалы геморройды жоспарлы емдеу;
- 15) эпилепсия, жүйке жүйесінің демиелинизациялаушы аурулары;
- 16) семіздік, салмақ жетіспеушілігі;
- 17) дене қалпының бұзылыстары;
- 18) сөйлеу, есту бұзылыстары;
- 19) қан айналым жеткіліксіздігінің II Б – III сатысымен жүретін жүрек-қантамыр жүйесінің созылмалы аурулары, Абрамов – Фидлер миокардиті; жасанды жүрек ырғағын жүргізгіш орнатуды талап ететін аурулар, WPW синдромы;
- 20) ремиссия сатысындағы созылмалы аурулар;
- 21) сақтандыру қорғауы басталғанға дейін туындаған созылмалы жағдайлар немесе соматикалық емес өзге де аурулар, сондай-ақ олардың кез келген салдары;
- 22) алкогольдік, уытты немесе есірткілік масандық белгілері болған жағдайда алынған жарақаттар, күйіктер, уланулар;
- 23) ядролық энергияның бөлінуімен, радиоактивтік сәулеленумен және/немесе олардың салдарларымен байланысты аурулар, жарақаттар және ағзаның өзге де зақымданулары.

**9.6.4. Сақтандыру төлемінің құрамына кез келген жағдайда келесі емдеу түрлеріне байланысты шығыстар кірмейді:**

- 1) иридо-, аурикуло-, термопунктуралық, электропунктуралық, пульстік, мануалдық диагностика, энергоинформатика, аллергодиагностика; мануалдық терапия, жалпы массаж (1 жасқа дейінгі балаларды, патронаж болған жағдайда қоспағанда), барокамера, флоатинг, гирудотерапия, гомеопатия, Фолль әдісі бойынша зерттеу, ине рефлексотерапиясы, балшықпен емдеу, оксигенотерапия, биорезонанстық терапия, фототерапия, вакуумдық терапия, соққы-толқындық терапия, су асты, «құрғақ тарту» омыртқа, плазмаферез, гемоферез, қанның УФО-сы, гидроклононотерапия, циркулярлық және өзге де душ түрлері,



- інжу және өзге де ванна түрлері, балшықпен емдеу, су асты массажи, биомеханикалық тарту, дәстүрлі емес диагностика, дәстүрлі емес сауықтыру жүйелері, энергоақпараттық сауықтыру жүйесі, бальнеотерапия, механотерапия, тракциялық емдеу, халық медицинасының (емшілік) әдістері, емдік-сауықтыру бассейндері, лазерлік сәулеленуді қолданумен емдеу, оның ішінде лазерлік литотрипсия;
- 2) пластикалық операциялар, протездеудің барлық түрлері және косметология; сыртқы келбеттің косметикалық және өзге де кемшіліктерін және дене аномалияларын жоюға байланысты емдеу түрлері, мұрын қалқасының пішінін немесе құрылымын өзгерту; осы мақсатта жақ-бет аймағына жасалатын хирургиялық араласулар;
  - 3) тіс шөгінділерін алу (емдік көрсеткіштер болған жағдайларды қоспағанда, бірақ Шарттың қолданылу кезеңінде 1 реттен артық емес), ортодонтия, протездеу, 3-D суреттер, стоматологиялық аурулардың профилактикасы;
  - 4) кез келген хирургиялық әдістерді (кюретаж және басқалары) қолдануды талап ететін созылмалы пародонтитті емдеу;
  - 5) ортодонтиялық бұзылыстарды емдеу;
  - 6) тістерді протездеу және оған дайындық;
  - 7) тістердің тәж бөлігінің 1/2-ден астам бұзылуы кезінде оны қалпына келтіру (реставрация) мақсатында емдеу;
  - 8) ортопедиялық және ортодонтиялық конструкциялармен жабылған тістерге емдік манипуляциялар қолдану;
  - 9) тістердің косметикалық ақауларын және кариеске жатпайтын зақымдануларын емдеу (тістерді ағарту, пигментті қабаттарды кез келген әдіспен жою, фиссураларды герметизациялау, сына тәрізді ақаулар және т.б.);
  - 10) тіс-жақ жүйесінің даму және өсу аномалияларын емдеу;
  - 11) пародонт ауруларын емдеу кезінде «Вектор и Хэльбо» (аппараттық) терапиясын қолдану;
  - 12) дене салмағын өзгерту (хирургиялық және/немесе дәрі-дәрмектік); жынысты хирургиялық өзгерту; ағзаларды немесе тіндерді трансплантациялау;
  - 13) Сақтандырылған тұлғаны ПТР, ИФА, РИФ әдістерімен зерттеу, сондай-ақ қалқанша без гормондарына зерттеулер;
  - 14) компьютерлік томография, магниттік-резонанстық томография;
  - 15) массаж;
  - 16) эндопротездеу, аортокоронарлық шунттау, стенттеу, коронарография, оның ішінде диагностика және оларды жүргізуге қажетті барлық ілеспе зерттеулер;
  - 17) көруді лазерлік және өзге де түзету;
  - 18) урологиялық массаж жүргізу, импотенцияны, бедеулікті диагностикалау және емдеу;
  - 19) профилактикалық мақсатта тіс шөгінділері мен тіс тастарын алу, «Вектор» аппараты арқылы пародонт ауруларын емдеу;
  - 20) аллергодиагностиканың кез келген түрі, оның ішінде Юникап аппаратында, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: тері скарификациялық сынамалары; аллергиялық ауруларды спецификалық гипосенсибилизация әдісімен емдеу;
  - 21) хирургиялық патология бойынша үй жағдайында көктамыр ішіне инфузиялар, таңу, жараларды өңдеу;
  - 22) соққы-толқындық терапия, тастарды және/немесе түзілістерді қашықтан ұсақтаудың барлық әдістері.
- 9.6.5. Сақтандыру төлемінің құрамына кез келген жағдайда келесі шығыстар кірмейді:
- 1) тірек-қимыл аппараты ауруларын емдеу мақсатында реконструктивтік және өзге де операцияларды жүргізу үшін металл конструкцияларды, импланттарды, протездерді сатып алуға байланысты шығыстар;
  - 2) науқасты оңалтуға және күтуге арналған медициналық мақсаттағы тауарларды сатып алуға байланысты шығыстар;
  - 3) түзетуші медициналық құрылғыларды немесе құралдарды (контактілі линзалар, көзілдірік жақтаулары, есту құрылғылары, есту импланттары) пайдалану, жөндеу және бейімдеу шығыстары;



- 4) Сақтандырылған тұлғаның тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек алуы, оның ішінде сол ауруға байланысты кейінгі жүгінулер;
- 5) хирургиялық ауруларды жоспарлы оперативтік емдеуге байланысты шығыстар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: операциядан кейінгі тігістерді алу және өңдеу, металл конструкцияларды (штифтер және басқалары) алып тастау, сондай-ақ өзге де рәсімдер;
- 6) психолог және психотерапевт, диетолог, логопед қызметтеріне, отбасын жоспарлау қызметтеріне байланысты шығыстар;
- 7) соққы-толқындық терапияны, тастарды қашықтан ұсақтаудың барлық әдістерін қамтуға байланысты шығыстар;
- 8) Сақтандырылған тұлға медициналық тексеруден өткен кезде медициналық ұйым мамандары ұсынған қосымша тексерулерге байланысты шығыстар.

## **10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ**

10.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты келесі жағдайларда өз әрекетін тоқтатады:

- 1) Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
- 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) Сақтанушы заңды тұлға болған жағдайда оның таратылуы немесе Сақтанушы жеке тұлға болған жағдайда қайтыс болуы, егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі Сақтанушының міндеттерін өзіне алмаған болса;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
- 5) сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің қабылдануы.

10.2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бір-бірін болжанған тоқтату күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

10.3. Егер сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:

- 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқанда;
- 2) Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болған жағдайда Сақтанушы мүлдіктік сақтандыру объектісін иеліктен шығарғанда;
- 3) өз кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметі белгіленген тәртіппен тоқтатылғанда;
- 4) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелі сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда;
- 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда;
- 7) келесі жағдайларда:

- Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісінше тексеру шараларын жүргізу мүмкін болмағанда;
- іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылуда деп болжауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұзады.

Сақтандыру шарты осы тармақта көрсетілген, Шартты тоқтатудың негізі болып табылатын мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

10.4. Осы бөлімнің 10.3-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде, сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін, сақтандыру шартын жасасуға байланысты

әкімшілік шығыстарды (оның ішінде: жасалған сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы сақтандыру шартын сүйемелдейтін менеджердің сыйақысы) алып тастағанда, жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде қайтарып береді.

10.5. Егер Сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру полисінен бас тартуына байланысты және бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларға байланысты болмаса, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде, шарт жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығыстарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде ұстап қалып, қайтаруға міндетті.

10.6. Осы Сақтандыру ережелерінің 10.3 – 10.5-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

10.7. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ төлемді кешіктірген әрбір күн үшін төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

10.8. Егер сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен шарт талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

## **11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

11.1. Шарттан туындайтын даулар Тараптармен келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының қарауына беріледі.

11.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысымен келесі жағдайлардың нәтижесінде туындаған зиян немесе жоғалту қамтылмайды:

1. Сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто), немесе қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалану үшін алу;

2. Кез келген өзге шарттарға қарамастан, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғаларына қолданылмайды, ал Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға ешқандай төлемдер немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және ешқандай қызмет көрсетпейді, егер мұндай қамту, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.

11.3. Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері Украина аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы, бұл үшін Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама жіберу жеткілікті. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе сақтандыру шартында көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

11.4. Тараптар осы Ережелердің 11.3-тармағына сәйкес Шарттың әрекеті тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың әрекеті тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

11.5. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері Украина аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін орын алған оқиғалар бойынша да.

11.6. Тараптар осы Ережелердің 11.3-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзу және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемін төлемеу жағдайында Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейтініне және Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға қандай да бір залалды өтемейтініне келіседі.

## **12. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

12.1. Осы сақтандыру ережелері негізінде сақтандыру шартын жасай отырып, Сақтанушы өтініш-анкетаға жауаптар болмаған жағдайда, Сақтандырушы тиісті бос толтырылмаған жолдарды өз пайдасына түсіндіретінімен келісетінін және растайтынын білдіреді (мысалы, күзет туралы белгі болмаған жағдайда – күзет бар деп презюмирленеді (ал егер күзет болмаған болса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп презюмирленеді), ал егер алдыңғы жылдар мен айлардағы залалдар туралы жол бос болса – залалдар болмаған деп презюмирленеді, ал егер болған болса – Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп презюмирленеді және т.б.) және Сақтанушы қолайсыз ақпаратты жасыру мақсатында көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп презюмирленеді.

12.2. Сақтанушы осы сақтандыру ережелері негізінде сақтандыру шартын жасай отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермеуге сақтандыру мүддесі бар екенін растайды және келіседі.

### Кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережелеріне №1 қосымша

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ

КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ САҚТАНДЫРУ  
СТРАХОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ  
\_\_\_\_\_ 20\_ жылғы серия ДОС № \_\_\_\_\_  
Серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ от «\_» \_\_\_\_\_ 20\_ года.

САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	АО "Страховая компания "Евразия", тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: <b>KZ4094806KZT22030005,</b> <b>BIC/SWIFT: EURIKZKA. БИН 950540000024</b> АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, <b>BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024</b>
---------------------------	---

САҚТАНУШЫ / СТРАХОВАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА / ЗАСТРАХОВАННЫЙ	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественные интересы Страхователя (Застрахованных), связанные с его обязанностью возместить, вред, причиненный жизни, здоровью и имуществу третьих лиц, в вследствие ошибочных действий (бездействия) и (или) упущений в процессе или в результате профессиональной деятельности, проводимой на основании специального разрешения (лицензии, уведомления) и (или) требующей специальных знаний, опыта и (или) квалификации.

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЯҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
_____	_____

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	Страховым случаем является факт наступления гражданско-правовой ответственности Страхователя/Застрахованного за причинение вреда жизни, здоровью или имуществу третьих лиц вследствие ошибочных действий (бездействия) и (или) упущений в процессе или в результате профессиональной деятельности, проводимой на основании специального разрешения (лицензии, уведомления) и (или) требующей специальных знаний, опыта и (или) квалификации.
ШАРТСЫЗ ФРАНШИЗА / БЕЗУСЛОВНАЯ ФРАНШИЗА	Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	_____
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	_____
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «_» _____ 20_ года по «_» _____ 20_ года. <b>обе даты включительно</b>
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	Комиссия за заключения Договора страхования: Да/Нет (выбрать нужное)
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения последнего из необходимых документов для принятия решения, в течение 40 рабочих дней осуществляет страховую выплату, либо предоставляет мотивированный письменный отказ в страховой выплате Страхователю (Выгодоприобретателю). Страховщик осуществляет страховую выплату третьим лицам в течение 7-ми рабочих дней срока, принятия решения о страховой выплате, либо в срок, определенный соглашением сторон.
ПОЛИСТІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис не допускается, в случае необходимости внесения изменений настоящий страховой полис подлежит расторжению и заключению на новых условиях, при этом порядок расторжения определяется согласно ст.ст. 841-842 ГК РК.

Сақтандыру шарттарымен таныстым, өзім хабарлаған деректердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.  
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі) / Страховщик (или его представитель):  
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

М.П.

Берілген күні / Дата заключения: «\_» \_\_\_\_\_ 20\_ ж/г.



**ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**1. Сақтандырылушы құқылы:**

- 1) болған оқиғаның сақтандыру жағдайы деп мойындалуы кезінде сақтандыру төлемді осы ережеде белгіленген тәртіп пен мерзім ішінде жүзеге асырылуын талап етуге;
- 2) Келісімшарт жоғалған жағдайда – оның телнұсқасын алуға;
- 3) Келісімшарт шарттарын Сақтандырылушының келісімімен өзгертуге;
- 4) Келісімшартты осы ережеде белгіленген тәртіпте мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарында қарастырылған басқа да құқықтарға ие.

**2. Сақтандырылушы міндетті:**

- 1) Сақтандырылушының қауіпті, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдылығы мен мүмкін болатын шығын көлемін бағалауға септігін тигізетін барлық болатын жағдайларға қатысты сұрақтарына жазбаша түрде жауап беруге;
- 2) сақтандыру қауіптерін бағалау үшін елеулі мәнге ие бола алатын оған таныс барлық мәліметтерді Сақтандырылушыға айтауға;
- 3) Келісімшарт күшінде болатын мерзімінің ішінде қауіпті көбейтуі мүмкін немесе жаңа қауіптер туындататын кез келген жаңа жағдай туралы Сақтандырылушыға мәлімдеп отыруға, сонымен қатар Сақтандырылушыға бұрын ұсынылған мәліметтердің нақты еместігіне немесе ескіргеніне келтіріп отыру керек.
- 4) Сақтандырылушы барлық мерзімі ішінде Ғарыштық нысанның тиісті пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін барлық саналы шараларды қабылдауға және Сақтандыру келісімшарты бойынша кез келген шығынды болдырмау немесе азайту үшін тиісті әрекеттер қолдануға, кез келген жағдайларда ол сақтандырылмаған жағдайдағыдай шешім қабылдауға;
- 5) Сақтандыру ережелері мен ҚР-ның заңдарында қарастырылған басқа да міндеттерді жүзеге асыруға.

**3. Сақтандырушы құқылы:**

- 1) Сақтандырылушы ұсынған ақпаратты тексеруге;
- 2) Сақтандырылушының Келісімшарт шарттарын орындауын кез келген уақытта тексеруге, осы кезде Сақтандырылушы оған осы бойынша кедергі болу құқығына ие емес.
- 3) Сақтандырылушының Келісімшарт шарттарын бұзу жағдайларын аңғарса, Сақтандырушы Сақтандырылушының оларды жоюы бойынша жазбаша түрде нұсқау беруге, ол Сақтандырылушы үшін міндетті болып табылады, Сақтандырылушы нұсқауды орындамауы жағдайында 10 күн ішінде Сақтандырылушыға Келісімшартты бір тараптық негізде бұзу туралы қарапайым жазбаша мәлімет жіберу арқылы бұзаға;
- 4) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарында қарастырылған басқа да құқықтарға ие.

**4. Сақтандырушы міндетті:**

- 1) сақтандыру жағдайы туралы мәлімдеген сәттен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оқиға болған орынға, ғарыш нысанына Сақтандырылушының сақтандырылған нысанды ұсыну жағдайы кезінде Сақтандырылушының немесе оның өкілінің қатысуымен қарап шығуға;
- 2) сақтандыру жағдайы туындағанын растайтын барлық қажетті құжаттардың, оның туындау себептері, шығын көлемі мен сақтандыру төлемін алушының оны алу құқығын жүзеге асыру немесе қажетті құжаттардың ішінен соңғысын алған сәттен бастап 40 (қырық) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін бермеуге.
- 3) Сақтандырылушы/Сақтандырылғанға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспей тұрған құжаттар туралы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде мәлімдеуге;
- 4) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарында қарастырылған мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
  - Сақтанушының/сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бене-фициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржы-ландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖКҚТҚ тізбесі) болуы;
  - Сақтанушы /Сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылжытату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
5. Сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда Сақтандырылушы (Пайданы тұтынушы) немесе оның өкілі шығынға шаралар қолдану тиіс, кінәлы тарапқа суброгация/регресс құқықтарын қамтамасыз етуі керек, сонымен қатар 3 (үш) күннен кешіктірмей Сақтандырылушыға немесе оның өкіліне оның туындауы туралы мәлімдеуі тиіс, ғарыш нысандары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне сақтандыру ережелерінде көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауға;
6. Сақтандыру жағдайының туындауын дәлелдеуге, сондай-ақ ол келтірген шығындар Сақтандырушыда болады.
7. Сақтанушы, осы Шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
8. Осы шарттарда қарастырылмаған басқа да барлық мәселелер бойынша Тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ кәсіби жауапкершілікті сақтандыру сақтандыру ережелерін басшылыққа алады.

**ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН**

**1. Страхователь вправе:**

- 1) при признании произошедшего события страховым случаем, требовать осуществления страховой выплаты в пользу Выгодоприобретателя, в порядке и сроки, установленные в настоящих правилах;
- 2) при утере Договора - получить его дубликат;
- 3) на изменение условий Договора, с согласия Страховщика;
- 4) досрочно расторгнуть Договор, в порядке установленных настоящим правилами.
- 5) Страхователь имеет другие права, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.

**2. Страхователь обязан:**

- 1) письменно ответить на вопросы, заданные Страховщиком в отношении всех существенных обстоятельств, которые могут повлиять на оценку рисков, вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков;
- 2) сообщить Страховщику все известные ему сведения, которые могут представлять существенное значение для оценки страховых рисков.
- 3) В течение срока действия Договора страхования уведомлять Страховщика о любом новом обстоятельстве, которое может либо увеличить риск, либо создать новые риски, и, таким образом, привести к тому, что сведения, ранее предоставленные Страховщику для оценки риска, станут неточными или устаревшими.
- 4) принимать все разумные меры для обеспечения надлежащего осуществления профессиональной деятельности в течение всего периода страхования и будет действовать с должным усердием, чтобы избежать или минимизировать любой убыток по Договору страхования, и будет действовать при любых обстоятельствах так, как если бы он не был застрахован.
- 5) осуществлять иные обязанности предусмотренные правилами страхования и законодательством РК.

**3. Страховщик вправе:**

- 1) проверять сообщенную Страхователем информацию;
- 2) в любое время проверять исполнение Страхователем условий Договора, при этом Страхователь не вправе препятствовать ему в этом;
- 3) при обнаружении нарушения Страхователем условий Договора, Страховщик имеет право давать письменные указания по их устранению, обязательные для Страхователя, в случае не выполнения указаний Страхователем в течение 10 дней расторгнуть договор путем простого письменного уведомления Страхователя о расторжении в одностороннем порядке Договора;
- 4) имеет иные права, указанные в правилах страхования и законодательстве РК.

**4. Страховщик обязан:**

- 1) в течение 7 (семи) рабочих дней, с момента сообщения о страховом случае, произвести осмотр места происшествия, с участием Страхователя или его представителя, и при условии предоставления объекта страхования Страхователем;
- 2) при наличии всех необходимых документов, подтверждающих наступление страхового случая, причины его наступления, размер убытка, и права получателя страховой выплаты на её получение, осуществить или отказать в страховой выплате в течение 40 (сорока) рабочих дней, с момента получения последнего из необходимых документов.
- 3) уведомить Страхователя/Застрахованного о недостающих документах для осуществления страховой выплаты, в течение 15 рабочих дней, с даты получения документов.
- 4) Страховщик имеет другие обязанности, предусмотренные действующим законодательством Республики
- 5) отказать в страховой выплате в случаях:
  - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее – Перечень АФМ), а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ
  - не предоставления Страхователем /Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
  - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью отмывания денег и финансирования терроризма.
5. При наступлении страхового случая Страхователь (Выгодоприобретатель) или его представитель обязаны принять меры к убытка, а также обеспечению права суброгации/регресса к виновной стороне, а также незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах страхования профессиональной ответственности.
6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.
7. Страхователь, подписывая настоящий Договор подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами страхования профессиональной ответственности АО «Страховая компания «Евразия».